



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ИЫҰ (ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ҰЙЫМЫ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КОМИТЕТІ COMSTECH
ОҢТҮСТІКТЕГІ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҮШІН ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӨНІНДЕГІ
КОМИССИЯ (COMSATS)
ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ДЕНДРОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
БИОМЕДИЦИНА ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ «БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ»

Құрметті әріптестер!

Сіздерді ҚазҰУ-дың және биология және биотехнология факультетінің 90 жылдығына арналған 2024 жылдың 27-28 наурыз аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтетін «Биология ғылымдарының тұрақты дамуының заманауи тенденциялары» атты Халықаралық форумына қатысуға шақырамыз.

Форумға қатысуға ғалымдар, университет оқытушылары, ғылыми қызметкерлер, жас ғалымдар, студенттер шақырылады.

Біз сіздерді конференцияда көруге қуаныштымыз!

Ұйымдастыру комитеті

Форумда биологияның перспективті бағыттарын дамытудың заманауи тенденцияларын талқылау, биоалуантүрлілік аясында жасушалар мен ұлпалар биологиясы, жануарлар мен өсімдіктер морфологиясы, физиология, биофизика, биомедицина, нейроғылымдар, биотехнология, микробиология, биоинженерия, генетика және молекулалық биология, сондай-ақ біртұтас халықаралық ғылыми-білім кеңістігін сақтау және дамытудағы өзекті мәселелерді шешу жоспарлануда.

Ұйымдастырушылар:

- әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.
- Биология және биотехнология факультеті.
- ИЫҰ (Ислам ынтымақтастығы ұйымы) Ғылыми-техникалық ынтымақтастық комитеті COMSTECH.
- Оңтүстіктегі орнықты даму үшін ғылым және технология жөніндегі комиссия (COMSATS).
- Әзірбайжан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Дендрология институты.
- Биомедицина ғылыми-зерттеу орталығы.

Құрметті төрағасы:

- **Түймебаев Ж.К.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма-төрағасы - Ректор.

Ұйымдастырушы комитет:

- **Айтжанова Ж.Н.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма мүшесі – Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор.
- **Еркінбаева Л.Қ.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор.
- **Курманбаева М.С.** – **Конференция төрағасы** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биология және биотехнология факультетінің деканы.
- **Muhammad Iqbal Choudhary** - COMSTECH бас үйлестірушісі, профессор.
- **Mohammad Nafees Zakaria** - COMSATS атқарушы директоры, елші.
- **Гасанова Минара Юнис** - Әзірбайжан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Дендрология институтының бас директорының м.а., доцент.
- **Мамадов Рамазан Мустафа** - Әзірбайжан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Дендрология институтының дендрохронология зертханасының меңгерушісі, профессор.
- **Халилов Рашад Гамид** - Әзірбайжан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Дендрология институтының халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі.
- **Садвакасова А.К.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биология және биотехнология факультетінің ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі деканының орынбасары.
- **Кусмангазинов А.Б.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биология және биотехнология факультетінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі деканының орынбасары.
- **Кустубаева А.М.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының меңгерушісі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ми Институтының директоры.
- **Кистаубаева А.С.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биотехнология кафедрасының меңгерушісі.
- **Жунусбаева Ж.К.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, молекулалық биология және генетика кафедрасының меңгерушісі.
- **Кегенова Г.Б.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының меңгерушісі.
- **Аллахвердиев Сулейман** - РФ, PFA, К.А.Тимирязев атындағы өсімдіктер

физиологиясы институты, б.ғ.д., профессор.

- **Khalil Toktay** - Нигде Омер Халисдемир университетінің профессоры, Түркия.
- **Давлетов Базбек** - Шеффилд университетінің профессоры, PhD доктор, Ұлыбритания.
- **Jurjan Stefan** - Лотарингия университетінің профессоры, PhD доктор, Франция.
- **Zoltán Barta** –Дебрецен университетінің Ғылым және технология факультетінің Биология институтының директоры, профессор, Венгрия.
- **Датхабаева Г.К.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары.
- **Нармуратова М.Х.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биотехнология кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары.
- **Жусупова А.И.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, генетика және молекулалық биология кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары.
- **Жаркова И.М.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары.
- **Ахметова А.Б.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының доценті.
- **Ыдырыс А.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Биомедицина ғылыми-зерттеу орталығының директоры.
- **Инелова З.А.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының доценті.
- **Сыдықбекова Р.К.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биотехнология кафедрасының доценті.
- **Лебедева Л.П.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, молекулалық биология және генетика кафедрасының оқытушысы.

Халықаралық ғылыми комитет:

- **Мурат Сапарбаев** - Париж-Сакле Университетінің профессоры, Франция.
- **Gabor Shramko** - Дебрецен Университетінің PhD докторы, Венгрия.
- **Mária Margit Höhn** - Ауыл шаруашылық және өмір туралы Венгрия университеті, Агрономия институтының профессоры, Венгрия.
- **Zhiyong Huang** - Қытай ғылым академиясының (TIB CAS) өнеркәсіптік биотехнология институтының профессоры, PhD доктор, Қытай.
- **Jingjing Wang** - Қытай ғылым академиясының (TIB CAS) өнеркәсіптік биотехнология институтының профессоры, PhD доктор, Қытай.
- **Mehwish Durani** - қосымша директор (Халықаралық серіктес ұйымдар) және COMSATS Климат және тұрақтылық орталығының басшысы, COMSATS Хатшылығы.
- **Huma Balouch** - Оңтүстіктегі тұрақты даму үшін ғылым және технология жөніндегі комиссия (COMSATS) директорының орынбасары (Халықаралық серіктес ұйымдар).
- **Joze Cheel** - Чехия Республикасының ғылым академиясы микробиология институтының «Algatech» орталығының аға ғылыми қызметкері, PhD доктор.
- **Xingzhi Xu** - Шэньчжэнь университетінің Медицина мектебінің атқарушы деканы, профессор, PhD доктор, Қытай.
- **Digel Pua** - Ахен қолданбалы ғылымдар университетінің биоинженерия институтының директоры, профессор, PhD доктор, Германия.
- **Mikolaj Kokosinski** - Адам Мицкевич атындағы Университеттің профессоры, PhD доктор, Польша, Познань.
- **Mutay Aslan** - Акдениз университетінің Медицина мектебінің профессоры, PhD

доктор, Түркия.

- **Абилев Серикбай** - Ресей ғылым академиясы, Н.И. Вавилов атындағы Жалпы генетика институтының профессоры, Ресей.
- **Barry D. Bruce** - Теннесси Университетінің профессоры, PhD доктор, АҚШ.
- **Saitou Naoya** - Генетика Ұлттық институтының профессоры, Жапония.
- **Погребняк О.Д.** - Сумы мемлекеттік университетінің профессоры, ф-м.ғ.д., Украина.
- **Гюльмамедова Шалала Адиль** - Әзірбайжан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Дендрология институтының ландшафттық сәулет зертханасының меңгерушісі, доцент.
- **Салахова Эльнара Хангусейн** - биология ғылымдарының кандидаты, Әзірбайжан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Дендрология институтының жетекші ғылыми қызметкері.
- **Насирова Афруз Саттар** - биология ғылымдарының кандидаты, Әзірбайжан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Дендрология институтының аға ғылыми қызметкері.

Редакциялық топ:

- **Шалахметова Т.М.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры.
- **Нуртазин С.Т.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры.
- **Бисенбаев А.К.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, молекулалық биология және генетика кафедрасының профессоры, Биология және биотехнология мәселелері ҒЗИ директоры.
- **Айташева З.Г.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, молекулалық биология және генетика кафедрасының профессоры.
- **Мукашева Т.Ж.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биотехнология кафедрасының профессоры.
- **Атабаева С.Д.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биотехнология кафедрасының профессоры.
- **Мырзахметова М.К.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының профессоры.
- **Гумарова Л.Ж.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының профессоры.
- **Мамилов Н.Ш.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының доценті.
- **Оразова С.Б.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биотехнология кафедрасының аға оқытушысы.
- **Тастамбек Қ.Т.** - PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экология мәселелері ҒЗИ директоры.
- **Акимбеков Н.Ш.** - PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экология мәселелері ҒЗИ бас ғылыми қызметкері.
- **Камзанова А.Т.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының доцент қ.а.
- **Торманова А.Н.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, б.ғ.к.
- **Ловинская А.В.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, молекулалық биология және генетика кафедрасының доцент қ.а., PhD доктор.
- **Тайпакова С.М.** – PhD, биология және биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, генетика және молекулалық биология кафедрасының доценті.

Конференцияны ұйымдастыру хатшылығы:

- **Казакбаева А.Ш.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының оқытушысы - №1 секцияның хатшысы.
- **Ғабитқызы А.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биотехнология кафедрасының маманы - №2 секцияның хатшысы.
- **Сербаева А.Д.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, молекулалық биология және генетика кафедрасының аға оқытушысы - №3 секцияның хатшысы.
- **Бакиева А.А.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының маманы - №4 секцияның хатшысы.

Форум бағыттары:

Секция №1. Биофизика, биомедицина және нейроғылымдардағы пәнаралық зерттеулер

- Когнитивті нейроғылымдар мәселелері.
- Нейродегенеративті аурулар және психопатология.
- Есептеу нейроғылымдарының жетістіктері.
- Молекулалық нейроғылымдардың болашағы.
- Денсаулықтың физиологиялық негіздері, аурулары, олардың диагностикасы және терапиясы.
- Биологиялық жүйелердің уақытша ұйымдастырылуы.
- Биополимерлердің және биомакромолекулалық жүйелердің құрылымы мен динамикасы.
- Мембраналық және транспорттық процестер.
- Биологиялық жүйелердегі энергияның трансформациялану механизмдері.
- Физико-химиялық факторлардың биологиялық жүйелерге әсерету механизмдері.
- Ғылым мен білім интеграциясы биолог-педагогтарда кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың негізі ретінде.
- Аурулардың биомаркерлері және оның терапиясының тиімділігі.
- Аурулар патогенезіндегі пәнаралық зерттеулер.
- Фитопрепараттардың терапиялық потенциалдарын зерттеу.
- Бейімделудің физиологиялық және медициналық-биологиялық мәселелері.

Секция № 2. Биотехнология, микробиология және биоинженерияның өзекті мәселелері

- Микробиология және вирусология. Микробтық биотехнология.
- Микроорганизмдердің экожүйедегі және адам денсаулығындағы рөлі.
- Биоөнімдерді өндіруде микроорганизмдердің өнеркәсіптік пайдаланылуы.
- Микробтарды биоремедиацияда және қалдықтарды өндеуде қолдану.
- Агробиотехнология.
- Өсімдіктер биотехнологиясы және физиологиясы.
- Азық-түлік биотехнологиясы және инновациялық өнімдер.
- Медицинадағы биотехнология.
- Биоматериалдар.
- Экологиялық биотехнология.
- Фотобиотехнология және биоэнергетика.
- Биоалуантүрлілік және экожүйені сақтау.
- Экологиялық мәселелерді шешуде биотехнологияны қолдану.
- Ауылшаруашылығы мен өндірістердің тұрақты әдістерін дамыту.
- Биотехнологияны қолдану арқылы жаңа препараттар мен вакциналарды жасау.
- Медициналық практикадағы жасушалық терапия және гендік терапия.
- Ауруларды диагностикалау және бақылау үшін биомаркерлерді қолдану.
- Биоинформатика және есептеу биологиясы.
- Геномдық және протеомдық мәліметтерді талдау.
- Биологиялықжүйелердімодельдеужәнегипотезалардывиртуалдытестілеу.

- Биологиялық зерттеулерде жасанды интеллектті қолдану.
- Гендік инженерияны медицинада, ауыл шаруашылығында және өнеркәсіпте қолдану.
- CRISPR/Cas9 және басқа геномдарды өңдеу құралдары.
- Гендік инженерияның этикалық мәселелері және оны реттеу.
- Синтетикалық биология.
- Жасанды биологиялық жүйелерді құру және бағдарламалау.
- Биологиялық компьютерлер және тірі организмдерге негізделген логикалық элементтер.
- Зертханалық жағдайдағы тірі жүйелер эволюциясы және дизайны.
- Биотехнология және биоинженериядағы этикалық мәселелер.
- Ғылымның қоғаммен өзара байланысы және технологияның мәдениетке әсері.
- Биотехнология саласындағы заңнамалық аспектілер және оларды реттеу.

Секция № 3. Генетика және молекулалық биология саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер

- Медициналық генетика, онкогенетика және молекулалық диагностика.
- Экспериментальды мутагенез.
- Генотоксикология және генетикалық мониторинг.
- Жасушалық және генетикалық технологиялар.
- Молекулалық генетика, геномика, биоинформатика және мәліметтерді талдау.
- Ауылшаруашылығы қажеттіліктеріне арналған генетика.

Секция № 4. Биоалуантүрлілікті зерттеудің өзекті мәселелері мен заманауи принциптері

- Биоалуантүрлілікті сақтау мәселелері;
- Қазақстан өсімдіктері мен жануарларының генофондын сақтаудың заманауи аспектілері мен үрдістері;
- Қазақстан мен көршілес мемлекеттердің биоресурстарының қазіргі жағдайы;
- Шөлейттену проблемалары;
- Өсімдіктер биоморфологиясы саласындағы заманауи зерттеулер;
- Дәрілік өсімдіктерді өсірудің экологиялық және фармакогностикалық мәселелері;
- Өсімдік шаруашылығындағы жұқпалы аурулардың өзекті мәселелері;
- Флора саласындағы зерттеулер;
- Қазақстан мен көршілес мемлекеттердің фаунасын зерттеудің өзекті мәселелері;
- Балық шаруашылығы зерттеулері мен аквакультураның қазіргі жағдайы;
- Жануарлар жасушалары мен тіндерінің морфологиясын зерттеудің өзекті мәселелері;
- Қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселелері;
- Антропогендік және климаттық факторлардың су және жер үсті экожүйелеріне әсері;
- Даму биологиясының қолданбалы аспектілері;
- Антропологияның қазіргі мәселелері.

Форумның өтетін күндері: 27-28 наурыз 2024 жыл.

Форумның өтетін орны: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, Әл-Фараби ғылыми кітапханасы, 4-ші қабат (форумның ашылуы, пленарлық отырыс, секциялық отырыстар).

Форум форматы: гибриді (online және offline).

Форумның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Тіркеу формасы және мақаланы жіберу

Форумға қатысу үшін **2024 жылдың 29 ақпанына дейін** bioconference.kaznu.kz

сайтында тіркелу формасын толтырып, баяндаманың (мақаланың) мәтінін Word 2007/2003 форматында электронды түрде жіберу қажет, оның ішінде сканерленген және осы мақаланың барлық авторлары қол қойған лицензиялық келісім (https://www.e3s-conferences.org/doc_journal/woc/publication_right_form.pdf). Файлда бөлім нөмірін көрсете отырып, бірінші автордың тегімен белгіленеді (мысалы: Bioconference-Петров В.-1). Жауап ретінде сіз өтінішіңіздің қабылданғанын растайтын хатты (5 күн ішінде) алуыңыз керек, егер сіз жауап алмасаңыз, конференцияны ұйымдастырушыларға (bioconference@kaznu.edu.kz) электрондық пошта арқылы хабарласыңыз.

Жариялану тәртібі

Барлық мақалалар міндетті түрде плагиаттық тексеруден өтеді (<https://kaznu.kz.antiplagiat.com/>) және екі рет қайта қарауға жіберіледі. Мақаланың түпнұсқалық пайызы кем дегенде 80%-дан кем болмауы керек.

Сараптамалық бағалау нәтижелері бойынша Ұйымдастыру комитетіне келіп түскен материалдар халықаралық деректер базаларында индекстелген BIO Web of Conferences, E3S Web of Conferences (Proceedings) журналында жариялауға ұсынылады. Мақаланы жариялау немесе жариялаудан бас тарту туралы түпкілікті шешімді Халықаралық Баспа комитеті қабылдайды.

Қолжазбаны халықаралық баспа қабылдамаса, тіркеу жарнасы қайтарылмайтынын ескеріңіз.

Форумға тіркелу ақысы

Мақаланы қарап шыққаннан кейін төлем туралы ақпарат авторға жіберіледі. Жарияланым үшін төлем шот-фактура (конференцияны ұйымдастыру комитетінің мақаланың қабылданғаны туралы хабарлама) берілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

Тіркелу жарнасы 200 \$ құрайды.

Мақаланың қабылданғаны расталғаннан кейін сіз төменде көрсетілген мәліметтерді пайдалана отырып, тіркеу жарнасын төлеп, конференцияны ұйымдастырушылардың электрондық поштасына (bioconference@kaznu.edu.kz) чек жіберуіңіз керек. Бөлім нөмірін көрсете отырып, файлды бірінші автордың тегі бойынша белгілеңіз (мысалы: чек - Петров В.-1).

Тезистерге қойылатын талаптар:

- Жариялауға ұсынылатын барлық материалдардың теориялық және практикалық мәні болуы, сонымен қатар конференция тақырыбының біріне сәйкес болуы керек;
- Мақала ағылшын тілінде болуы керек;
- Мақаланың көлемі кемінде 4 беттен және 6 беттен көп болмауы керек;
- Ұсынылған авторлар саны 5-тен аспауы керек;
- Бір адам екіден көп баяндаманың авторы немесе бірлескен авторы бола алмайды.
- Мақалада келесі бөлімдер болуы керек: Кіріспе, Материалдар мен әдістер, Нәтижелер, Талқылау, Қорытынды, Авторлық үлестер («Алғыс», оның ішінде қаржыландыру көзі бөлімдері қажет болғанда жазылады);
- Мақалада аннотация болуы керек (150-200 сөзден аспауы керек), түйінді сөздер (5-10 сөз);
- Мәтін Times New Roman, 12 pt шрифтпен терілуі керек. Бір жол аралығы. Абзац шегінісі – 1 см;
- Мәтінде диаграммалар мен кестелер болуы керек. Барлық иллюстрациялар мәтіннің шекарасында болуы керек (парақтың шеттеріне дейін созылмауы керек);
- Сілтемелер талаптарға сәйкес ресімделуі керек (Қосымша А). Жоғары рейтингті халықаралық журналдардағы дереккөздерге (мақалаларға) сілтемелер жасалуы ұсынылады. Әдебиеттер тізіміндегі сілтемелер саны кемінде 10-нан кем болмауы керек;
- Өзіндік дәйексөз 15%-дан аспауы керек;
- Авторларға этикалық ережелер мен жалпы редакциялық нұсқауларды қатаң сақтау ұсынылады https://www.e3s-conferences.org/doc_journal/woc/e3sconf_editorial_guidelines.pdf

Авторлар назарына!

Ұсынылған материалдың мәтіні мұқият тексеріліп, орфографиялық, тыныс белгілері немесе стилистикалық қателері болмауы керек. Форумды ұйымдастыру комитеті форумның негізгі бағыттарынан тыс ұсынылған баяндамаларды қабылдамау және жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін тезистерді жариялау құқығын өзіне алады. Ұйымдастыру комитеті тезистер мәтінін редакцияламайды.

Презентацияға қойылатын талаптар:

1. Пленарлық баяндама – 15 минут.
2. Секцияда ауызша баяндау – 7 минут.

Форумның жабылуына байланысты 2024 жылғы 28 наурызда Алматы қаласындағы River Hall мейрамханасында (Көктем-2 ықшам ауданы, 11/3, Тимирязев көшесінен және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бас кампусынан сәл төмен) өтетін салтанатты Гала-кешкі асқа қатысу үшін орынды алдын-ала брондау қажет. **Банкет құны 50\$** құрайды.

Форумды ұйымдастыру комитетінің мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ГУК-6, биология және биотехнология факультеті
e-mail: bioconference@kaznu.edu.kz